

FTAMP 16.41.39

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o19>**Ниномия Т.¹, Боранкулова С.²**

¹профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: s0430062.ninomiya@gmail.com
²аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: borankulovasamal@gmail.com

**АРАБ ТІЛІНДЕГІ ПРЕДЛОГ ПЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЕПТІК
КАТЕГОРИЯЛАРЫ: КОНТРАСТИВТІ ТАЛДАУ**

Қазақ және араб тілдерін салыстырмалы зерттеуде фонетика, фонология, синтаксис, семантика және прагматика жағынан қарастырады. Бұл мақалада араб тілінің предлогтері мен қазақ тілінің септіктеріне салғастырмалы талдау жасалды. Нәтижесінде тұрақты сәйкестіктер (мысалы, Arb. 'ilaa / Kaz. О3; Arb. fii / Kaz. О5; Arb. min / Kaz. О6) мен тұрақсыз сәйкестіктер анықталды ((1) Arb. 'ilaa, li/ Kaz. О4; (2) Arb. accusative case / Kaz. О3; (3) Arb. bi, min, 'an / Kaz. О3, О4; (4) Arb. 'alaa / Kaz. О4, атау септік + үшін; (5) Arb. fii / Kaz. О3, О4, О6, атау септік + үшін, атау септік + туралы). Араб тіліндегі fii – қазақ тіліндегі сәйкестігі ең күрделі предлог ретінде танылды (мысалы, şakka fii A: A(О3) күмәндану; istamarra fii A : A (О4) жалғастыру; 'axṭa'a fii A: A (О6) қате жіберу; jaahada fii A : A (1) үшін күресу; jaadala fii A : A (1) туралы өзара айтысу). Мақала авторлары ұсынып отырған күрделі шаблондар қазақ тілділерге арабша үйренуде көмектеседі.

Түйін сөздер: араб тілі, қазақ тілі, септіктер, предлог.

Ninomiya T.¹, Borankulova S.²

¹Invited professor, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: s0430062.ninomiya@gmail.com

²Senior lecturer, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: borankulovasamal@gmail.com

The categories of Arabic prepositon and Kazakh case: A Contrastive analysis

This study is based on preliminary contrastive analysis of the Arabic prepositions and cases of the Kazakh language. The purpose is to find out the similarities and differences between two languages. We found not only the regular correspondents (e.g., Arb. 'ilaa / Kaz. О3; Arb. fii / Kaz. О5; Arb. min / Kaz. О6), but also the following irregular correspondents: (1) Arb. 'ilaa, li/ Kaz. О4; (2) Arb. accusative case / Kaz. О3; (3) Arb. bi, min, 'an / Kaz. О3, О4; (4) Arb. 'alaa / Kaz. О4, for + the name of the case; (5) Arb. fii / Kaz. О3, О4, О6, for + the name of the case, about + the name of the case. The preposition fii of Arabic showed the most complicated correspondent in the Kazakh language (e.g., şakka fii A: A(О3) doubt; istamarra fii A : A (О4) continue; 'axṭa'a fii A: A (О6) make mistakes; jaahada fii A : A (1) fight for; jaadala fii A : A (1) argue about). These complex patterns are a useful list for the Kazakh learners of Arabic. The previous studies have not shown many and detailed correspondences in this field.

Key words: Arabic, Kazakh, case markers, preposition.

Ниномия Т.¹, Боранкулова С.²

¹профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: s0430062.ninomiya@gmail.com

²старший преподаватель, Казахский национальный университет
им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: borankulovasamal@gmail.com

Категории предлога в арабском языке и падежа в казахском языке: контрастивный анализ

В качестве сравнительного изучения казахского и арабского языков существуют различные области науки, такие как фонетика, фонология, синтаксис, семантика, прагматика. Данная статья основана на предварительном контрастивном анализе арабских предлогов и падежей казахского языка. В результате исследования были выявлены регулярные соответствия (например, Arb. 'ilaa / Kaz. O3; Arb. fii / Kaz. O5; Arb. min / Kaz. O6) и нерегулярные соответствия ((1) Arb. 'ilaa, li/ Kaz. O4; (2) Arb. accusative case / Kaz. O3; (3) Arb. bi, min, 'an / Kaz. O3, O4; (4) Arb. 'alaa / Kaz. O4, именительный падеж + для; (5) Arb. fii / Kaz. O3, O4, O6, именительный падеж + для, именительный падеж + o). Предлог fii арабского языка имеет самый сложный вид соответствия в казахском языке (например, *ṣakka fii A: A(O3) сомневаться o; istamarra fii A : A (O4) продолжать; 'aḥṭa'a fii A: A (O6) делать ошибки; jaahada fii A : A (1) бороться за что-то; jaadala fii A : A (1) спорить между собой*). Сложные шаблоны, предложенные авторами, будут полезны для носителей казахского языка в изучении арабского.

Ключевые слова: арабский язык, казахский язык, падежи, предлог.

Кіріспе

Ұсынылып отырған мақалада тілді оқыту тәжірибемізге сүйене отырып, араб тіліндегі предлогтер мен қазақ тіліндегі септік жалғаулары салғастырмалы түрде қарастырылады. Араб тілінде үш септік бар: атау септік *-in*, ілік септік *-in*, табыс септік *-an*. Араб тілінде етістік және зат есімді грамматикалық тұрғыдан байланыстыруда предлогтер (мысалы, 'ilaa, 'alaa, 'an) маңызды рөл атқарады. Ал, қазақ тілінде дәл осындай функцияны септік жалғаулары атқарады: 1 (атау септік), O2 (ілік септік), O3 (барыс септік), O4 (табыс септік), O5 (жатыс септік), O6 (шығыс септік), O7 (көмектес септік) және септеулік (мысалы, O2 арқасында, O3 қарағанда) орны маңызды. Мақаланың мақсаты – араб тілінің предлогтері мен қазақ тілінің септік жалғауларының семантикасын салыстыру арқылы, олардың арасындағы ерекшеліктерді, яғни сәйкессіздіктерді анықтау. Осы арқылы араб тіліндегі «предлог+етістік» комбинациясының қазақ тілділердің меңгеруіне қиын соғатын тұстарын нақты белгілеп көрсету болмақ. Осы арқылы тілді оқытуда ерекше назар аудару қажет тұстар ұсынылады.

Қолданбалы лингвистикада шетел тілін үйретуге қатысты зерттеулердің бастамасы ретінде Ладонның (Lado) «Contrastive analysis» деген еңбегін атауға болады [8]. Осы зерттеудегі көзқарасқа негізделіп, келесі зерттеу шығады: Stockwell and Bowen (1965); Stockwell, Bowen and Martin (1965); Lee (1968) ([9], [13], [14]). Lado-ның пікі-

рінше, тілді үйренуші шет тілін меңгеруде оның жеңіл жақтарын да, қиындықтарын да аңғарады: шет тілінің ана тіліне ұқсайтын элементтері оған жеңіл тисе, оның ана тілінен өзгеше элементтері оған қиын соғады [8: p.2]. «Contrastive analysis» еңбегінің маңыздылығы сонда, ол екі тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тіл үйренушіге көрсету маңызды деп санайды. Себебі шет тілін үйренуші тілдік ерекшеліктерді түсінсе, қиын элементке алдын ала назар аудара алады. Тілді оқыту тәжірибеміз көрсеткендей, қазақтарға жапон тілінің морфологиясын, көмекші етістіктерін игеру қиындық туғызбайды, өйткені екі тілдің грамматикалық жүйесінде де олар бар және ұқсас. Алайда қазақтарға жапон тілінің екпінін (акцент) меңгеру қиын. Себебі қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түседі, ал жапон тілінде екпін өзгермелі, сөздердің мағынасы екпін ауысуына сай өзгеріп отырады (мысалы, жапонша *áme* «жаңбыр», ал *amé* «қатты кәмпит» дегенді білдіреді). Жапон тілінде екпін тұрақсыз, сондықтан қазақтарға бұл құбылысты меңгеру оңай емес.

Екі тілдік жүйедегі сәйкестік, ұқсастықтар тілді меңгеруді жеңілдетеді. Мәселен, қазақтарға өзбек немесе түрік тіліне қарағанда, қырғыз тілін меңгеру әлдеқайда жеңіл, оның себебі бұл екі тіл тілдік-генетикалық жақындығында. Қазақ тілінен тілдік-генетикалық жағынан оқшау тұрған өзге де тілдердің грамматикалық тұрғыдан ұқсастықтары болса, қазақтарға оны меңгеру оңайырақ болатыны сөзсіз.

Шетел тілін үйренушіге лингвистикалық түйсік те қажет. Фонетика және фонология саласында дауысты, дауыссыз, буын, екпін т.б. мәселелерді білу қажет-ақ. Жапондарға қазақ тілінің фонетикасын меңгеру қиынға соғады, өйткені жапон тіліндегі дауыстылардың саны бесеу ғана: *a, e, i, o, u*, ал қазақ тілінің дауыстылары оған қарағанда әлдеқайда көп: *a, ə, e, u, ы, и, ү, ұ, o, ө*. Ал морфологияда да зат есім, сын есім, етістіктің құрылысын, жалғаулардың семантикасын білу керек. Шетелдіктер, оның ішінде қазақтар үшін жапон тілін меңгерудегі үлкен қиындық туғызатын мәселе – жапон тіліндегі сыпайылық категориясы. Себебі қазақ тілінде сыпайылықты білдіру *siz* жіктеу есімдігінің көмегімен және етістіктің түрленуі арқылы жүзеге асады. Ал жапон тілінде сыпайылық категориясы өте күрделі. Етістіктер және зат есімдерде реципиенттің не адресаттың, немесе сөйлеу актісіне қатысушы үшінші тұлғаның іс-қимылын, әрекетін, сол тұлғаның жағдайын, беделін көтеру мақсатында қолданылатын *Sonkeigo* «құрметтеу стилі» бар. Адресатқа немесе әңгіменің объектісі ретіндегі субъектіге өз құрметін көрсету үшін адресант өзін немесе өз іс-әрекетін төмендетіп көрсету үшін *Kenjogo* «қарапайымдылық стилі» де бар. Мысалы, *miru* «көру» етістігі «*Sonkeigo*»-да *goranninaru*, «*Kenjogo*»-да *haikensuru* болар еді. Сол сияқты *taberu* «жеу» етістігі «*Sonkeigo*»-да *meshiagaru*, «*Kenjogo*»-да *itadaku* болып өзгереді. Жапон тілінде осындай сыпайылық формалары өте көп. Тіл үйренушінің синтаксис саласынан да білімі болуы керек: сөздердің орын тәртібі, септік, предлог, тіркесетін септеуліктерге қатысты да білімдерді меңгеруі шарт. Жапон мен қазақ тілдеріне ортақ категория – септік категориясы. Мысалы, жапон тіліндегі «-ni» септік жалғауы қазақ тіліндегі барыс септігіне, жапондағы «-de» қазақшадағы жатыс септігіне сәйкес келеді. Алайда *oriru* «түсу» деген етістікке келгенде, мұндай сәйкестік қатары бұзылады, яғни аталған етістік талап ететін есім сөз жапон тіліндегі «-de» септік жалғауы жалғанғанда, оның мағынасына қазақ тіліндегі шығыс септігі сәйкес келеді. Дегенмен, салғастырылып отырған екі тілдің лингвистикалық жүйелерінде ортақтықтар болса да, нақты мысалдар арқылы тіл үйренуші аз-кем айырмашылықтарды да байқай алады.

Негізгі бөлім

Араб тіліндегі предлогтер мен қазақ тіліндегі септіктерді контрастивті талдау

Зерттеу нысанына араб тіліндегі барлық предлогтер алынбағанын ескертеміз. Олардың

ішінен жиі қолданылатын предлогтер ретінде мыналар таңдап алынды: 'ilaa; fii; bi, li, min, 'an, 'alaa, accusative case.

Төменде араб тіліндегі предлогтер, яғни септеуліктер (1-8) мен қазақ тіліндегі септік жалғауларының мағыналық сәйкестігі берілген. Сәйкестіктерді көрсету үшін қолданылған мысалдарда, яғни араб тілінен қазақ тіліне аударылған сөйлемдердің ішінде қазақтарға табиғи емес, жасанды сөйлемдер бар екенін ескертеміз. Бірақ олар грамматикалық тұрғыдан дұрыс болғандықтан, сол күйінде ұсындық.

- (1) Арабша 'ilaa / Қазақша О3;
- (2) Арабша fii / Қазақша О5;
- (3) Арабша bi / Қазақша О7;
- (4) Арабша li / Қазақша О3, атау септік+үшін;
- (5) Арабша min / Қазақша О6;
- (6) Арабша 'an / Қазақша О6, атау септік+туралы;
- (7) Арабша 'alaa / Қазақша О3; О2 үстіне;
- (8) Арабша -an (accusative case) / Қазақша О4

(1) ['ilaa : -ға (О3)]
 (1-1) ḡahaba 'ilaa : -ға (О3) бару,
 ḡahabtu 'ilaa l-maṭaari «Мен әуежайға бардым»

(2) [fii : -да (О5)]
 (2-1) faṣila fii A : A-да (О5) сәтсіздікке ұшырау,
 faṣila fii 'amalīhi «Ол жұмыста сәтсіздікке ұшырады»

(3) [bi : -мен (О7)]
 (3-1) saafara bi A : A-мен (О7) сапар жасау,
 saafara bil-qīṭaari «Ол пойызбен сапар шекті»

(4) [li : -ға (О3)], [li : 1 үшін]
 (4-1) qaala li A : A-ға (О3) айту,
 qaala laḡaa «Ол оған (әйелге) айттым»
 (4-2) jama'a li A : A(1) үшін жинау,
 jama'a lii 'azḡaaran «Ол мен үшін гүлдер жинады»

(5) [min : -дан (О6)]
 (5-1) ṭalaba min A : A-дан (О6) өтіну,
 ṭalaba minhu musaa'adatan «Ол одан көмектесуді өтінді»

(6) ['an : -дан (О6)], ['an : 1 туралы]
 (6-1) raḡala 'an A : A-дан (О6) кету,
 raḡala 'ani l-madiinati «Ол қаладан кетті»
 (6-2) ḡaddaṭa 'an A : A(1) туралы әніме айту,
 sa'uhaddīṭu l-yawma 'an bilaadii «Бүгін елім туралы әніме айтайын»

(7) [‘alaa : O2 үстіне], [‘alaa : -fa (O3)]
 (7-1) waḍa‘a ‘alaa A : A(O2) үстіне қою,
 waḍa‘a l-kitaaba ‘alaa ṭ-ṭaawilati «Ол кітапты
 үстелдің үстіне қойды»

(7-2) radda ‘alaa A : A(O3) жауап беру,
 radda ‘alayhi «Ол оған жауап берді»

(8) [-an (табыс септік) : O4]

(8-1) qara’a A-an (табыс септік) : A(O4) оқу,
 qara’a jariidatan «Журналды оқыдым»

Жоғарыда келтірілген екі тілдегі сәйкестіктер тізімін қазақ тілді үйренушілер меңгерсе, онда араб тілін меңгеруде олар қателіктерге ұрынбас еді, бұл тілді меңгеру процесін жеңілдетеді. Келесі тарауда қазақтар жиі қателесетін тұстарға тоқталып, қателесу ықтималдығын жоғары «предлог+етістік»тің комбинациясы келтіріледі. Бұл мысалдар тізімі қазақтарға араб тілін үйренуде ыңғайлы көмекші құрал бола алады.

Араб тіліндегі предлог пен қазақ тіліндегі септік жалғауларының арасындағы сәйкессіздік немесе айырмашылық корреспонденті

Аталған мәселені зерттеуде «Арабша-қазақша сөздік», «Passport shokyu arabiago jiten» қолданылды ([6], [10]).

(9) [‘ilaa A : A(O4)]

(9-1) istama‘a ‘ilaa A : A(O4) тыңдау,
 istama‘naa ‘ila l-muusiiqaa «Біз музыканы тыңдадық»

(9-2) ‘aṣaara ‘ilaa A : A(O4) нұсқау, көрсету,
 kamaa ‘aṣartu ‘ilayhi saabiqa «Бұрын (оны) көрсеткенімдей...»

(9-3) nazara ‘ilaa A : A(O4) қарау, көру,
 nazara ‘ila l-mabnaa min ba‘iidin «Ол бұл ғимаратты алыстан көрді»

(9-4) ḥanna ‘ilaa A : A(O4) сағыну,
 ḥanna ‘ilaa ‘ahlihi wa waṭanihi «Ол өз отбасын және отанын сағынды»

(10) [fii A : A(O3)]

(10-1) ṣakka fii A : A(O3) күмәндану,
 ṣakaktu fii ṣidqa r-rajulī «Мен ол адамның адалдығына күмәндандым»

(10-2) taḥaṣṣaṣa fii A : A(O3) мамандану,
 мамандық алу,

taḥaṣṣaṣa fii ‘ilmi l-‘aṭaari fil-jaami‘ati «Ол университетте археология саласына маманданды»

(10-3) iṣtaraka fii A : A(O3) қатысу,

iṣtaraka fil-musaabaqati «Ол жарысқа қатысты»

(10-4) ista‘ḍana fii A : A(O3) рұқсат сұрау,

ista‘ḍantu ‘abii fi s-safari ‘ilaa miṣra «Мен әкемнен Мысырға сапар шегуге (баруға) рұқсат сұрадым»

(11) [fii A : A(O4)]

(11-1) istamarra fii A : A(O4) жалғастыру,
 ‘astamirru fii ta‘allumi l-luḡati l-‘arabiiyati «Мен араб тілін үйренуді жалғастырамын»

(11-2) baḥaṭa fii A : A(O4) қарастыру, талқылау,
 hal tarḡab ‘an tabḥaṭa fi l-iqtīṣaadi? «Сіз экономиканы зерттегіңіз келе ме?»

(11-3) raḡiba fii A : A(O4) қалау,
 ‘arḡabu fi l-ḥuṣuul ‘alaa ṣ-ṣahaadati «Мен күәлік алуды қалаймын»

(11-4) bada‘a fii A : A(O4) бастау,
 bada‘tu fii ta‘allumi l-luḡati l-‘arabiiyati «Мен араб тілін үйренуді бастадым»

(12) [fii A : A(O6)]

(12-1) ‘axṭa‘a fii A : A(O6) қате жіберу, жаңылу,
 ‘axṭa‘a fii ḥisaabihi «Ол өз есебінен жаңылды»

(13) [fii A : A(1) үшін]

(13-1) jaahada fii A : A(1) үшін күресу,
 jaahada fii sabiili l-laahi «Ол Алла үшін (жолында) күресті»

(14) [fii A : A(1) туралы]

(14-1) jaadala fii A : A(1) туралы өзара айтысу,
 jaadalahu fi l-‘amri «Ол сол туралы өзара айтысты»

(14-2) taṣaawara fii A : A(1) туралы өзара ақылдасу,
 taṣaawarna ma‘an fi l-muṣkilati «Біз бұл қиындық туралы өзара ақылдастық»

(14-3) faawaḍa fii A : A(1) туралы келісім жүргізу,

faawaḍa l-‘aduwwa fi ṣ-ṣulḥi «Ол дұшпанымен бейбітшілік туралы келісім жүргізді»

(14-4) fakkara fii A : A(1) туралы ойлау,
 fakkara fi l-muṣkilati «Ол сол қиындық туралы ойлады»

(15) [bi A : A(O3)]

(15-1) ‘aḡna‘a bi A : A(O3) сендіру, көндіру,
 ‘aḡna‘tuhaa bi‘an taskuna ma‘ii «Мен оны менімен бірге тұруға көндірдім»

(15-2) ‘aamana bi A : A(O3) сену,

‘aamana bi l-laahi «Ол Аллаға сенді»

(15-3) samaḥa bi A : A(O3) рұқсат ету,
 samaḥa ‘abii lii bi ‘an ‘usaafira ilaa miṣra «Әкем маған Мысырға баруға рұқсат етті»

(15-4) wa‘ada bi A : A(O3) уәде беру,
 ‘a‘iduka bi ‘an laa ‘ukarrara nafsa l-xaṭa‘in «Мен сізге бұл қатені қайталамауға уәде бермін»

(15-5) iṣṭadama bi A : A(O3) соғылу,

iṣṭadamtu bi baabi «Мен есікке соғылдым»

- (15-6) *ilṭaḥaqa bi A : A(O3)* кіру, түсу,
ilṭaḥaqa bi jaami'atin «Ол университетке түсті»
 (15-7) *ihṭamma bi A : A(O3)* қызығу, көңіл
 кою,
'ahtammu bi ṭ-ṭaqaafati l-'islaamiiyati «Мен
 Ислам мәдениетіне қызықтым»
 (15-8) *raḍiyya bi A : A(O3)* қанағаттану,
raḍiitu bi qaliilin mina l-maa'i «Мен аз суға
 қанағаттандым»
 (15-9) *fariḥa bi A : A(O3)* қуану,
fariḥa bi haadihi l-hadiyyati «Ол бұл сыйлыққа
 қуанды»
 (15-10) *waṭiqa bi A : A(O3)* сену,
ṭiq bii «Маған сен!»
- (16) [*bi A : A(O4)*]
 (16-1) *'aḥassa bi A : A(O4)* сезу, байқау,
'aḥassa bi qalaqin «Ол мазасыздықты сезінді»
 (16-2) *iḥṭafala bi A : A(O4)* тойлау,
iḥṭafala bi ḍikraa ta'siisi š-šarikati «Ол компа-
 нияның мерейтойын тойлады»
 (16-3) *iṣṭahza'a bi A : A(O4)* менсінбеу; A(O4)
 кемсіте қарау,
iṣṭahza'a l-fityaanu bi l-fataati fabakat «Жі-
 гіттер қызды кемсіте қарағандықтан, ол (қыз)
 жылап қалды»
 (16-4) *jaa'a bi A : A(O4)* әкелу, келтіру,
jaa'anii bi l-kitaabi «Ол маған сол кітапты
 әкелді»
 (16-5) *qaama bi A : A(O4)* жасау, істеу,
 орындау,
qaama bi 'amalin «Ол жұмысты істеді»
 (16-6) *'amara bi A : A(O4)* бұйыру,
'amara l-maliku l-waziira bi 'an yusaafira 'ila
l-hindi «Патша министрге Үндістанға баруды
 бұйырды»
- (17) [*li A : A(O4)*]
 (17-1) *ḫaṭṭaṭa li A : A(O4)* жоспарлау,
tuxaṭṭiṭu š-šarikatu li-binaa'i maṣna'in jadiidin
 «Компания жаңа зауыт салуды жоспарлады»
- (18) [*min A : A(O3)*]
 (18-1) *iṣṭaḡraba min A : A(O3)* таңғалу,
laa 'astaḡribu min ḍaalika «Мен оған таңғал-
 маймын»
 (18-2) *iṣṭahaṣa min A : A(O3)* таңғалу,
iṣṭahaṣa min maa ra'aahu «Ол көргендеріне
 таңғалды»
 (18-3) *inza'aja min A : A(O3)* алаңдау,
inza'aja mina ḍ-ḍawḍaa'i «Ол шуға алаңдады»
 (18-4) *tazawwaja min A : A(O3)* үйлену,
tazawwaja mina l-binti «Ол сол қызға үйленді»
- (19) [*min A : A(O4)*]
 (19-1) *intahaa min A : A(O4)* бітіру, аяқтау,
intahaytu min kitaabati t-taḡriiri «Мен баяндама
 жазуды аяқтадым»
 (19-2) *taḫarraja min A : A(O4)* аяқтау, бітіру,
taḫarraja mina l-jaamia'ti «Ол сол универси-
 тетті бітірді»
 (19-3) *ta'akkada min A : A(O4)* растау, көзін
 жеткізу, тексеру,
ta'akkad min 'anna l-'abwaaba muqfalatun
 «Есіктердің жабылғанын тексер (көз жеткіз)!»
- (20) [*'an A : A(O3)*]
 (20-1) *ta'axxara 'an A : A(O3)* кешігу,
ta'axxara 'ani l-maw'idi «Ол кездесуге кешікті»
 (20-2) *raḍiyya 'an A : A(O3)* қанағаттану,
hal tarḍaa 'an ḥayaatika? «Сіз өміріңізге
 қанағаттанасыз ба?»
 (20-3) *taḡayyaba 'an A : A(O3)* қатыспау,
taḡayyaba 'ani d-darsi «Ол сабаққа қатыспады»
- (21) [*'an A : A(O4)*]
 (21-1) *baḥaṭa 'an A : A(O4)* іздеу,
baḥaṭa 'an funduqin «Ол қонақ үйді іздеді»
 (21-2) *tawaqqafa 'an A : A(O4)* тоқтату, доғару,
tawaqqafa 'ani l-kalaami «Ол әңгімесін
 тоқтатты»
 (21-3) *fattaṣa 'an A : A(O4)* іздеу,
fattaṣa 'an 'amalin «Ол жұмыс(ты) іздеді»
 (22) [*'alaa A : A(O4)*]
 (22-1) *ta'arrafa 'alaa A : A(O4)* тану,
'uriidu 'an 'ata'arrafa 'alayka «Менің сізді
 танығым келеді»
 (22-2) *ḥaafaza 'alaa A : A(O4)* қорғау, сақтау,
ḥaafaza 'alaa šihḥatihi «Ол денсаулығын
 сақтауға тырысты»
 (22-3) *ḥaṣala 'alaa A : A(O4)* алу,
ḥaṣala 'ala l-ma'luumaati «Ол мәліметтерді
 алды»
 (22-4) *qabaḍa 'alaa A : A(O4)* қағып алу,
qabaḍa 'ala l-'aṣaa «Ол таяқты қағып алды»
 (22-5) *qaḍaa 'alaa A : A(O4)* өлтіру,
qaḍaa 'alaa 'a'daa'ihī «Ол дұшпанын өлтірді»
 (22-6) *iṣṭamala 'alaa A : A(4)* қамту,
yaṣṭamilu haḍaa l-qaamuusu 'alaa 4000
kalimatun «Бұл сөздік 4000 сөзді қамтиды»
 (22-7) *dalla 'alaa A : A(4)* нұсқау,
dallanaa š-šurṭiyyu 'ala s-sifaarati ṭ-ṭariiqi «По-
 лиция бізге жолды нұсқады»
- (23) [*'alaa A : A(1)* үшін]
 (23-1) *šakara 'alaa A : A(1)* үшін алғыс айту,
'aṣkuruka 'alaa naṣaa'iḥika «Мен кеңесіңіз
 үшін сізге алғыс айтамын»

- (24) [-an (табыс септік) : A(O3)]
 (24-1) 'araa A : A(O3) көрсету,
 hal 'arayatahu kitaabii «Сіз оған менің кітабымды көрсеттіңіз бе?»
 (24-2) 'amara A: A(O3) бұйыру,
 'amara l-maliku l-waziira bi 'an yusaafira 'ila l-hindi «Патша министрге Үндістанға баруды бұйырды»
 (24-3) haddaṭa A : A(O3) әңіме айту,
 sa'uhadditukumumu l-yawma 'an bilaadii «Бүгін сіздерге өз елім туралы әңгіме айтайын»
 (24-4) zaara A: A(O3) сапармен бару,
 zaara l-balada «Ол сол елге сапармен барды»
 (24-5) haḍara A: A(O3) қатысу,
 haḍara l-ijtimaa'a «Ол жиналысқа қатысты»
 (24-6) ṣaddaqa A: A(O3) сену,
 ṣaddiqnii! «Маған сен!»
 (24-7) dalla A : A(O3) нұсқау,
 dallanaa š-šurṭiyuu 'ala s-sifaarati ṭ-ṭariiqi «Полиция бізге жолды нұсқады»
 (24-8) tazawwaja A: A(O3) үйлену, күйеуге шығу,
 ba'da ḍalika, tazawwajat mariyatu yuusufa «Содан кейін Мариям Юсуфке күйеуге шықты»

Қорытынды

Мақаланың мақсаты араб тіліндегі предлог пен қазақ тіліндегі септік жалғаулары сияқты грамматикалық құбылыстар арасындағы мағыналық, функционалдық сәйкестіктердің корреспондентін нақты мысалдар арқылы көрсету болатын. Зерттеу нәтижесінде екі тілдегі құбылыстар арасындағы мынадай айырмашылықтар анықталды:

- Арабша «'ilaa, li» / Қазақша O4;
- Арабша accusative case / Қазақша O3;
- Арабша «bi, min, 'an» / Қазақша O3, O4;
- Арабша «'alaa» / Қазақша O4, атау септік+үшін;
- Арабша «fi» / Қазақша O3, O4, O6, атау септік+үшін, атау септік+туралы.

Зерттеу нәтижесінде 16 сәйкессіздік анықталып, көрсетілді. Солардың ішінде «fi» предлогіне қатысты бес сәйкессіздік анықталды. Сондықтан аталған предлог қолданысында қазақ тілді үйренушіге оның бірнеше түрлі мағына беретінін білу қажеттігі бар. Араб тілін меңгеруде ерекше мән беретін лексикалық бірліктер, оның ішінде етістіктер бар екенін байқадық. Солардың ішінде екі етістікке ерекше назар аудару керектігі бар. Олардың біріншісі – бірі араб тіліндегі dalla «нұсқау, көрсету» деген етістік екі объектіні («адам» және/немесе «нәрсе/зат») керек етеді. Қазақша объект-«адам»-ды O3-пен, ал

объект-«нәрсе/зат»-ты O4-пен беру қажеттігі бар. Мысалы: dallanaa š-šurṭiyuu 'ala s-sifaarati ṭ-ṭariiqi «Полиция бізге жолды нұсқады». Адам объект ретінде келгенде, араб тілінің бұл етістігі предлогты қажет етпейді, ал объект «нәрсе/зат» болса, онда араб тіліндегі бұл етістік «'alaa» предлогімен келеді (22-7). Екіншісі 'amara «бұйыру» етістігі: 'amara l-maliku l-waziira bi 'an yusaafira 'ila l-hindi «Патша министрге Үндістанға баруды бұйырды». Бұл етістіктің екі түрлі ерекшелігі болды. Олар: объект-адам табыс септігінің формасымен берілсе, «bi» предлогымен «нәрсе/зат» көрсетілді (16-7). Басқаша айтқанда, бір етістік бірнеше предлогті талап ететін мәселе де болды. Сонымен бірге араб тіліндегі етістіктің предлогпен де, предлогсіз де келіп бір мағынаны білдіретін жағдай да кездесті, мысалы, tazawwaja «үйлену» етістігі «min» предлогімен де (18-4), предлогсіз табыс септігімен де (24-8) келеді, алайда етістіктің беретін мағынасы біреу. Келесі raḍiyya «қанағаттану» деген етістік те солай, яғни ол «bi» (15-8) және «'an» (20-2) деген предлогтермен келсе де, екеуі де бірдей мағынада жұмсалады. Ал предлогтерге қатысты назарда ұстайтын тағы бір нәрсе бар: предлогтерге қатысты етістіктің мағынасы өзгертін тұстар да бар, мысалы, «baḥaṭa+fi» комбинациясында (11-2) етістік «қарастыру» деген мағынаны білдірсе, «baḥaṭa+'an» комбинациясында (21-1) ол «іздеу» деген басқа мағынаға ие болады.

Екі тілдегі ұқсастық және айырмашылықты анықтайтын контрастивті талдау нәтижесінде біз араб тіліндегі предлог пен қазақ тіліндегі септік категорияларының арасындағы мағыналық сәйкестіктер зерттелді. Алайда екінші тіл ретіндегі шет тілін (Second language acquisition) меңгеру мәселелерінде контрастивті талдау ерекше маңызға ие. Ellis (2008) айтуы бойынша ([4]), контрастивті талдау зерттеу тарихында тіл үйренушінің жіберетін қателерін алдын ала болжау арқылы қиындықтардың алдын алуды («Error analysis», Corder, 1967) дамып, кейін интертілдік талдауға («Interlanguage analysis», Selinker, 1972) ұласты ([2], [12]). «Error analysis» зерттеуіне негізделіп, келесі зерттеу шығады: George (1972); Richards (1974); James (1998) ([5], [7], [11]). Және «Interlanguage analysis» зерттеуіне негізделіп, келесі зерттеу шығады: Adjemian (1976); Eckman (1991); White (2003) ([1], [3], [15]). Контрастивті талдау негізгі әдіс болып табылады, ол әлі күнге дейін қолданыстан шыққан жоқ. Болашақта қателердің алдын алу (Error analysis) әдістерін қолдана отырып, қазақ аудиториясына тіл үйре-

тудің оңтайлы жолдары зерттелуі керек. Біздің зерттеуіміздің нысаны болып отырған араб тіліндегі етістік+предлог комбинацияларының қазақ тіліндегі мағыналық сәйкестіктері мен сәйкессіздіктері тілдік жүйесі бөлек қазақ аудиториясына тіл үйренуде тиімді болады деген ойдамыз. Болашақтағы зерттеулер интертілдік талдау («Interlanguage analysis») бағытында жалғасын табу керек, яғни қазақтар араб тілін меңгеруде предлогтерді қалай дұрыс пайдалануды үйрету

әдістері қарастырылуы керек. Мысалы, араб тілін үйренуді бастаған оқушы бір-екі жылдан соң тілді үйренуге кеткен уақыт континуумы, предлогтарды меңгеру процесі және осы процестің нәтижесі – осылардың арасындағы байланысты зерттеп, талдау қажеттігі бар. Ұсынылып отырған зерттеу нәтижесі болашақтағы зерттеулерге барудағы алғашқы ізденіс, алайда келесі кадам жасау үшін өте маңызды ізденіс болып табылады.

References

- Adjemian, C. (1976) On the nature of interlanguage systems. *Language learning* 26: 297-320.
- Corder, S. P. (1967) The significance of learner's errors. *IRAL* 5: 161-170.
- Eckman F. (1991) The structural conformity hypothesis and the acquisition of consonant clusters in the interlanguage of ESL learners. *Studies in second language acquisition* 13: 23-41.
- Ellis, R. (2008) *The study of second language acquisition. Second edition*. Oxford: Oxford University Press.
- George, H. (1972) *Common errors in language learning: Insights from English*. Rowly, Mass.: Newbury House.
- Honda K. and T. Ishiguro (1997) *Passport shokyu arabiago jiten (Passport elementary Arabic dictionary)*. Tokyo: Hakusuisha.
- James, C. (1998) *Errors in language learning and use*. London: Longman.
- Lado, R. (1957) *Linguistic across cultures: Applied Linguistics for language teachers*. Ann Arbore, Michigan: University of Michigan.
- Lee, W. (1968) Thoughts on contrastive linguistics in the context of language teaching. In: J. Alatis (ed.) *Report of nineteenth annual round table meeting of linguistics and language studies*. Georgetown University, Washington D.C.: Georgetown University Press.
- Палтөре, Ы., Ж. Жүспеков, Р. Мухитдинов, т.б. (2016) *Арабша-қазақша сөздік*. Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы.
- Richards, J. (ed.) (1974) *Error analysis*. London: Longman.
- Selinker, L. (1972) Interlanguage. *IRAL* 10: 209-231.
- Stockwell, R. and J. Bowen (1965) *The sounds of English and Spanish*. Chicago: Chicago University Press.
- Stockwell, R., J. Bowen and J. Martin (1965) *The grammatical structures of English and Spanish*. Chicago: Chicago University Press.
- White, L. (2003) *Second language acquisition and Universal Grammar*. Cambridge: Cambridge University Press.